

Қазақстан Республикасының шетелдердегі сыртқы экономикалық ұйымдары мен мекемелері қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының схемасы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 25 ақпан 1993 ж. N 154

Қазақстан Республикасының шетелдердегі сыртқы экономикалық ұйымдары мен мекемелері қызметкерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.08.20.
N 1033 қаулысымен. P961033_

2. Қазақстан Республикасы сауда өкілінің шетел валютасымен берілетін лауазымдық жалақысы Қазақстан Республикасы Елшісінің шетел валютасымен берілетін лауазымдық жалақысының 90 проценті деңгейінде белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Сауда өкіліне берілетін сомдық лауазымдық жалақы Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары орталық аппаратының бас басқармасы /жетекші басқарма, бөлім/ бастығына берілетін лауазымдық жалақының 50 проценті деңгейінде

белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының шетелдердегі сыртқы экономикалық ұйымдары мен мекемелері қызметкерлерінің шетел валютасымен және соммен берілетін лауазымдық жалақылары проценттік қатынаста Қазақстан Республикасының Сауда өкіліне шетел валютасымен және соммен берілетін лауазымдық жалақыға қарай белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі